

«Бекітемін»

Мектеп директоры

Ж.Махметов

Әдістемелік кеңес отырыстары



№	Жұмыс мазмұны	Мерзімдері	Жауаптылар
Әдістемелік кеңестің № 1 отырысы			
1	1.2024-2025 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру; /оқу ісінің меңгерушісі Енсебаева Г.М./ 2.2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру /тәрбие ісінің меңгерушісі Гайли Б.Д./ 3. Әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттерін белгілеу; /оқу ісінің меңгерушісі Енсебаева Г.М./ 4.2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмысты талдау және аттестация қорытындысы 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;	қыркүйек	ӘБ жетекшілер Г. Енсебаева Б.Гайли Мектеп директоры Пән мұғалімдері
Әдістемелік кеңестің № 2 отырысы			
2	1. Қазақ тілі, әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің апталығына қорытынды жасау. бірлестік жетекшісі Г.Төлеу/ 2. «Күнделік кз» платформасының жұмыс барысы, кемшіліктердің алдын алу /оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/ 3. Ғылыми жұмыс, авторлық бағдарламалар туралы / Педагог-шебер А.Туребекова педагог-зерттеуші Р.Смагулова/	қараша	Кітапханашы А.Абжанова Г.Төлеу, Р.Смагулова ӘБ жетекшісі ОЖ орынбасары
Әдістемелік кеңестің № 3 отырысы			
3	1. Мектепішілік олимпиаданың қорытындысы, аудандық пәндер олимпиадасына дайындық жұмысы. /оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/ 2. «Күнделік кз» платформасынан «Білім класс» платформасына ауысу	қаңтар	Мектеп психологы Ж.Махметова Сынып жетекшілері Пән мұғалімдері ӘБ жетекшілері ОТЖ орынбасарлары

	/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/ 3. Бастауыш сынып бірлестігінің апталығының қорытындысы / бірлестік жетекшісі А.Туребекова/		
Әдістемелік кеңестің № 4 отырысы			
4	1. – Аудандық пәндер олимпиадасының қорытындысы. / оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/ 2. Мұғалімдердің аттестациясы, өтетін мұғалімдер тізімі 3. Математика, жаратылыстану бағытындағы апталықтардың тізімі / бірлестік жетекшісі Ж.Капбасова/	наурыз	ӘБ жетекшілері Г.Енсебаева Пән мұғалімдері Б.Гайли
Әдістемелік кеңестің № 5 отырысы			
5	1. - Бір жыл ішінде оқу бағдарламасының орындалуы. / оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/ 2. Емтихан материалдарын жинақтау, кестесін бекіту / оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/ 3. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен міндеттер. ДКСО тексерісінен өту (мектептің аттестациясы) / бірлестік жетекшісі Ж.Капбасова/	Мамыр	Пән мұғалімдері ОТЖ орынбасарлары ӘБ жетекшілері ОТЖ орынбасарлары

Оқу ісінің меңгерушісі:

Г.Енсебаева

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 1**

**Тақырыбы: «Мемлекеттік білім беру стандартының талаптары, оқу
бағдарламаларын білу, оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің болуы»**

2024 жылғы «13» қыркүйек

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1.2024-2025 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру;

/оқу ісінің меңгерушісі Енсебаева Г.М./

2.2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

/тәрбие ісінің меңгерушісі Гайли Б.Д./

3. Әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттерін белгілеу;

/оқу ісінің меңгерушісі Енсебаева Г.М./

4.2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмысты талдау және аттестация қорытындысы 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 2**

Тақырыбы: «Гуманитарлық бірлестігінің апталығының қорытындысы»

2024 жылғы «19» қараша

Қатысканы: 18

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Қазақ тілі, әдебиеті, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің апталығына қорытынды жасау.

/ бірлестік жетекшісі Г.Төлеу/

2. «Күнделік кз» платформасының жұмыс барысы, кемшіліктердің алдын алу

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

3. Ғылыми жұмыс, авторлық бағдарламалар туралы

/ Педагог-шебер А.Туребекова
педагог-зерттеуші Р.Смагулова/

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 3**

Тақырыбы: «Мектепшілік олимпиаданың қорытындысы»

2025 жылғы «14» қаңтар

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Мектепшілік олимпиаданың қорытындысы, аудандық пәндер олимпиадасына дайындық жұмысы.

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

2. «Күнделік кз» платформасынан «Білім класс» платформасына ауысу

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

3. Бастауыш сынып бірлестігінің апталығының қорытындысы

/ бірлестік жетекшісі А.Туребекова/

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 4**

**Тақырыбы: «Жаратылыстану-математика бірлестігінің апталығының
қорытындысы»**

2025 жылғы «11» наурыз

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Аудандық пәндер олимпиадасының қорытындысы.

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

2. Мұғалімдердің аттестациясы, өтетін мұғалімдер тізімі

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

3. Математика, жаратылыстану бағытындағы апталықтардың тізімі

/ бірлестік жетекшісі Ж.Капбасова/

**«Майшұқыр негізгі орта мектебі» КММ бойынша
әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № 5**

Тақырыбы: «Оқу жылының аяқталуы»

2025 жылғы «06» мамыр

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Бір жыл ішінде оқу бағдарламасының орындалуы.

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

2. Емтихан материалдарын жинақтау, кестесін бекіту

/ оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева/

3. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен міндеттер. ДКСО тексерісінен өту (мектептің аттестациясы)

/ бірлестік жетекшісі Ж.Капбасова/

Отырыс барысы:

Кеңес алдында оқу ісінің меңгерушісі Енсебаева Г.М. биылғы оқу жылының күн тәртібімен таныстырып, бірінші мәселе бойынша тоқталды: 2024-2025 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

-Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3- сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі

-«Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңмен «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады, 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні оқытылады

2024 жылдан бастап «Ұстаз» платформасы енгізілді. Мұғалімдерді аттестациядан өткізу үшін барлық мәліметтер жинақталатын болады.

2024 жылдан бастап педагогтерді аттестаттаудың жаңа форматы енгізілді: енді мұғалімдер тек пән бойынша тапсырады, методика-педагогикадан тапсырмайтын болады.

Тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Гайли жаңа оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жалғасын табатынын жеткізді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы, «Даналық» мектебі, оның бала тәрбиесіндегі атқаратын орнына мән берді.

Оқу ісінің меңгерушісі Енсебаев Г.М. әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттеріне тоқталды. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі Г.Төлеу, бастауыш сынып білестігінің жетекшісі А.Туребекова, жаратылыстану математикалық цикл бірлестігінің жетекшісі Ж.Капбасова өз жоспарларымен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі Енсебаева Г.М. аттестация ережесімен және қойылатын талаптармен таныстырып, 2023-2024 оқу жылында аттестациядан өткен педагогтер тізімін таныстырды:

1. Махметов Жүсіп Бейсенбекулы-информатика пәнінен педагог-модератор
2. Ахметова Майраш Отыншықызы-бастауыш сынып бойынша педагог-модератор біліктіліктерін алды.
3. Гайли Бахытжамал Дәулетбекқызы-бастауыш сынып бойынша педагог-сарапшы,
4. Смагулова Раушан Казбековна-ағылшын тілінен педагог-зерттеуші,
5. Туребекова Айгерім Маратқызы-бастауыш сынып бойынша педагог-шебер біліктіліктерін растады.

Қаулы:

- 2024-2025 оқу жылының Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып, оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмысы жоспарына сәйкес жүргізілсін.
- 2024-25 оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдер тізімі каралып, бекітілсін. Қазіргі уақытта «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізілуде. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары және ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына ағымдағы аттестаттау кезеңінде (қыркүйек-желтоқсан) аттестаттауға жататын педагогтер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізілсін.
- 2024-2025 оқу жылына әдістемелік кеңес жоспары бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Енсебаева Г.М

Хатшы:

Ахметова М.О

Отырыс барысы

Бірлестік жетекшісі Г.Төлеу «22- қыркүйек-тілдер» мерекесіне орай өткізілген жұмыстар мен тілдер апталығының қорытындысы жайлы айтты. Қабырға газеттері шығарылып, шығармалар жазылды. Дегенмен, апталықтағы олқылықтар жайлы да айтылды. Мұғалімдерге тәжірибе алмасу үшін бір-бірінің сабақтарына жиі қатысу керектігі, орыс тілі пәнінен ашық сабақтар өткізу, жетістіктер көрсету керектігі айтылды.

Келесі мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева «Күнделік .кз» платформасының жұмыс барысы жайлы тоқталды. Уақытылы баға қою, үй жұмыстарын беру, күнделікті белгілеп отыру –мониторингке әсер ететінін айтты. ДКСО тексерісі жоспарлануына байланысты қатаң қадағалауды қажет етеді.

Келесі мәселеде педагог-шебер А.Туребекова мен педагог-зерттеуші Р.Смагулова авторлық бағдарлама жазу үлгісіне тоқталды. Қандай критерийлерге сүйену керек, теориялық, практикалық бөлімдердің маңыздылығын айтып, қазіргі уақытта ғылыми жұмыс жаза білу-мұғалім үшін уақыт талабы екендігін айтты.

Қаулы:

1. Пән апталықтарының өткізілуін жандандыру.
2. Электронды күнделік жұмысын ретке келтіру.
3. Г.Ауталиповнаның «Авторлық жұмысын» облысқа ұсыну үшін жәрдемдесу.

Отырыс барысы

Оқу ісінің меңгерушісі Г.Енсебаева: мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша 9-сынып оқушысы Ошакбаев Бекзат қазақ тілі мен тарихынан, Жанатай Өлішер ағылшын тілінен, Бейсенбек Ұлжан-физикадан, 8-сынып оқушысы Рысдаулет Дина-қазақ тілі мен әдебиетінен, Сейтахмет Мейірлан-ағылшын тілінен, Құдайберген Гизмат-қазақстан тарихы пәнінен, 7-сынып оқушысы Мақыш Мадина қазақ тілі мен әдебиетінен, 6-сынып оқушысы Юсупова Аяулым ағылшын тілінен, Сейтахмет Айым –математикадан, 5-сынып оқушысы Бейсенбек Үммүгілсім-математикадан барады. Бұның ішінде оқушылардың былтырғы оқу жылынан алған жұлделі орындары ескерілді.

Келесі мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылында III тоқсанынан бастап «Білім класс» жаңа платформаға ауысамыз. Ақмола облысы бойынша тәжірибеге енгізілді. «Күнделік. кз» платформасы аудан көлемінде жұмыс істеуін тоқтатты.

Бірлестік жетекшісі А.Туребекова бастауыш сынып бірлестігінің қорытындысына тоқталды. Барлығы 4 мұғалім бірлестікте, әр мұғалім жоспар бойынша ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар өткізді. «А.Құнанбаевтың қара сөздерін оқу» аудандық байқауда Еркін Мамық жұлделі 3-орынға ие болды. Жетекшісі М.Ахметова. Республикалық «Бастау-(әліппе-1 сынып)» олимпиадасына 1-сынып оқушысы Сейтахмет Нұрым қатысып, 1-орынға ие болды.

Қаулы.

1. Аудандық пәндер олимпиадасына оқушыларды дайындау жұмыстары қарқынды жүргізілсін.
2. «Білім класс» платформасына сабақтың тақырыптық жоспарлары енгізілсін, әр мұғалім бұл платформамен жұмыс істей алу үшін инструкциялармен таныссын.
3. Бастауыш сынып бірлестігінің жұмысын жандандыру.